

Гипотезаларды тексеру және дәлелдеу тәсілдері.

Гипотеза мен версия 2 жолмен тексеріліп дәлелденеді.

- 1) Фактілерді салыстыру жолы
- 2) Дедукциялық жолмен қорытынды

Фактілермен салыстыру жолы. Ғылым мен сот зерттеулерінде жекеше гипотеза мен версия көбінесе белгілі бір жерде және белгілі бір кезде нақты нәрселер мен құбылыстардың болған фактісін анықтауды көздейді. Мұндай жорамалды шындыққа айналдырудың ең сенімді жолы белгіленген жерде немесе уақытта керекті нәрсені немесе оның нақты белгілерін табу болып табылады.

Мысалы, ұрлық туралы қылмысты істі тексергенде, сот-тергеу органдарының маңызды бір міндеті – ұрланған нәрселердің тұрған жерін, ақшаларды, бағалы заттарды табу. Осы жолмен қылмысты іс не тікелей дәлелденеді немесе бекерленеді.

Түпнұсқа фактілермен салыстыру жолының маңызын білу үшін...

Қорытынды фактілермен салыстыру арқылы жүргізілетін пайымдау шартты-кесімді силлогизмнің қостаушы модусы (ponens) формасында құрылады:

Егер $S - P$ болса, S_1, S_2, S_3 болуы тиіс.
 $S - P$

Олай болса, S_1, S_2, S_3 те бар.

Ал егер версия расталмай, бекерге шығатын болса, онда ол терістеуші модус (tollens) формасында құрылады:

Егер $S - P$ болса, S_1, S_2, S_3 болуы тиіс.
 S_1, S_2, S_3 жоқ;

Олай болса, $S - P$ емес.

Дедукциялық жолмен қорытынды шығару дәлелдеудің логикалық жолы болып табылады. Тексерілетін істің мәнді жақтарын түсіндіруді көздейтін версияларды анықтау жанама жолмен (ойқорытындылар жасау жолымен) дәлелденеді, өйткені бұрын болған нәрселер мен құбылыстарды не болмаса қазір бар болғанымен, бірақ тікелей байқауға болмайтын құбылыстарды анықтау қажет. Мысалы, қылмыстың жасалу әдіс-тәсілдері, қылмысты жасау мақсаттары, кінәлі кім екендігі, т.б. туралы версияларды дәлелдеу пайымдауды қажет етеді.

Тікелей дәлелдеу ұсынылған жорамалдардан түрліше салдар шығару үшін оларды жана табылған фактілермен растау жолымен құрылады.

Жанама дәлелдеу де барлық жалған версияларды бекерлеп, шығарып тастау арқылы жасалады. Бұл жағдайда қорытынды шығару ажыратушы-кесімді силлогизмнің терістей отырып қостаушы (tollendo-ponens) модусы формасында жүреді:

$$\begin{array}{l} S \text{ не } P \text{ не } P_1 \text{ не } P_2 \\ S - P_1 \text{ емес және } P_2 \text{ емес} \end{array}$$

Олай болса, $S - P$.